



Бекітемін:
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай- балабақшасы»
мекемесінің әдіскері
А.Ә.Жақсылықова

"Ұшқыр ой алаңы" іс шарасы

(МАД «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті)



Тәрбиеші: Орысбаева А

Таушық ауылы, 24.11.2025 жыл.

Білім беру саласы:

Тақырыбы: «Ұшқыр ой алаңы»іс-шарасы /спорттық жарыс/

Зияткерлік-спорттық ойын

ҮІӘ тақырыбы: «Ұшқыр ой алаңы іс-шарасы»(Spot School + теннис элементтері)

ҰОІӘ мақсаты : Балалардың денелерін шынықтыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру, тез қимыл әрекеттерін істей алуға, зерек ойлануға үйрету. Балалардың қимыл – қозғалыстарын жетілдіру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, ептілікке, төзімділікке, достыққа, ұйымшылдыққа , шапшандыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар:

- Теннис добтары
- Кіші теннис ракеткалары
- Себет немесе кегли
- Spot School сұрақтары
- Белгіленген сызықтар, конустар

Ойын барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

- Балалар сапқа тұрады
- Такпақпен көңіл күй көтеру:

«Спорт – біздің серігіміз,
Ақыл – біздің көрігіміз!»

Сұрақ-жауап:

1. Спорт дегеніміз не?
2. Таңертең не үшін жаттығу жасаймыз?
4. Спортпен айналысқанда көңіл күйіміз қандай болады?
5. Доппен қандай ойындар ойнаймыз?
7. Футболда допты немен тебеміз?
8. Баскетболда допты қайда лақтырамыз?
9. Арқан тарту ойынында не істейміз?

Қауіпсіздік және тәртіп

- Спорт ойнағанда бір-бірімізге қалай қарау керек?
- Ойын кезінде итеруге бола ма?
- Жаттығу алдында не істейміз?
- Спорт құралдарын қалай қолданамыз?

Spot School зияткерлік сергітуі (5 мин)

Дене жаттығулары:

- 1–5 дейін санау
- Логикалық сұрақтар

✓ Дұрыс жауап берген бала келесі спорттық тапсырмаға өтеді.
Теннис жаттығулары (әр дұрыс жауаптан кейін)

«Дәл соққы»

Бала теннис добын ракеткамен белгіленген себетке дәл соғады.

«Қағып ал да жауап бер»

Тәрбиеші доп лақтырады, бала қағып алып Spot School сұрағына жауап береді.

«Доп беру»

Балалар жұптасып, допты бір-біріне 5 рет дәлдеп беру.

Командалық зияткерлік эстафета

- Бір бала сұраққа жауап береді
- Келесі бала допты кедергілер арасынан домалатып өткізеді
- Барлығы бірін-бірі қолдап отырады

Кім жылдам?

Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені.

«Досыңды тауып ал»

Мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Шарты: Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.

Қорытынды кезең

- Жеңіске жеткен команда анықталады

- Балалар марапатталады

Денсаулық және тәрбие

- ✓ Спорт денсаулығымызға қалай әсер етеді?
- ✓ Спортпен айналысқан бала қандай болады?
- ✓ Достармен бірге ойнау неге жақсы?
- ✓ Жеңіске жету үшін не істеу керек?

Қимылды сұрақ-ойын :

- «Жүгіру» десе – жүгіріп көрсет
- «Секіру» десе – секір
- «Доп» десе – допты қағып ал
- «Токта» десе – қимылсыз қал

«Не ұнады? Не қиын болды?»

✓Күтілетін нәтиже:

- Балалар саналы түрде ойлап, жылдам қимылдайды;
- Теннис элементтері арқылы ептілігі артады;
- Интеллект пен спортты байланыстыра алады;
- Командалық қарым-қатынас қалыптасады.

